Амангелді аудандық орталық кітапханасының
библиография бөлімі



# 2021 жылғы Амангелді ауданының атаулы күндер және еске алынатын күндер күнтізбегі

Амангелді – 2020

# Құрастырушыдан

Қостанай облысы Амангелді аудандық орталық кітапханасы әдістеме-библиография бөлімі сіздердің назарларыңызға «2021 жылға берілген атаулы күндері және еске алынатын күндер күнтізбегінің» кезекті шығарылымын ұсынып отыр.

«Күнтізбенің» негізгі мақсаты – өңіріміздің танымал тұлғалары мен оның тарихы, мәдениеті, экономикасы туралы ақпарат беру. Күнтізбе кітапханаларда, оқу орындарында, ұйымдар мен мекемелерде түрлі шараларды өткізуді жоспарлауға мүмкіндік береді.

Басылымға өлкеміздің атаулы тарихи оқиғалары мен атақты адамдардың мерейтойлары жайында ақпарат енгізілген. ауданымыздың тарихи, мәдени, экономикалық, әлеуметтік дамуына ат салысып жатқан мекемелер мен кәсіпорындардың, қалалар мен аудандардың мерейтойлық даталық күндерін табуға болады.

2021 жылдың негізгі оқиғалары мен мерейтойлық күндері: ағартушы, педагог Ы. Алтынсарин (1841–1889)180жыл, тарих ғылымдарының докторы
Б. Баймағамбетованың туғанына (1951)70 жыл,

Сонымен қатар ҚР-ның Ұлы Отан соғысының басталғанына (1941-1945) 80 жыл,1986 жылғы желтоқсан оқиғасына 35 жыл, 30 жыл бұрын бүкіл халықтық дауыс беру нәтижесінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақ ССР Президенті болып сайланды (1991), Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін алғанына 30 жыл, Н.А. Назарбаев «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» ҚР Конституциясына қол қойды (1991), Бөкейханов Әлихан Қазақ халқының ғалымы және қоғам қайраткері, публицист, аудармашы, Алаш қозғалысының қайраткері (1866-1937) 155 жыл. Т. б.

Күнтізбеге көпшілікке танымал өлкемізден шыққан белгілі қайраткерлердің өмірі мен атқарған қызметтері жайлы мәліметтер берілген.

Әдебиет тізімдері қоса берілген мерейтойлық күндерге (*) белгісі қойылған.

Құрал негізгі төрт бөлімнен тұрады:

1. Амангелді ауданы бойынша 2021 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндері (жалпы тізім).

2 Аудан бойынша күні мен айы белгісіз 2021 жылы аталып өтілетін күндері (жалпы тізім).

3. Аудан бойынша 2021 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндері (қысқаша мәліметтер мен әдебиеттер).

4. Есімдердің алфавиттік көрсеткіші.

Күнтізбегіміз оқырмандарымыздың көмекші құралы әрі құнды анықтамалығына айналып, үлкен сұранысқа ие болады деген сенімдеміз.

Басылым негізінен студенттер мен оқытушыларға, ұстаздарға, мекеме қызметкерлеріне, кітапханашыларға және туған өлкеміздің тарихын танып-білгісі келген оқырмандарға арналған.

# Қостанай облысы және Амангелді ауданының аймағы бойынша 2021 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер

## Қаңтар

**6 –** Облыстық филормония құрылғанына 50 жыл (1971)
**18 –** Ы. Алтынсарин ат. облыстық балалармен жасөспірімдер кітапханасына 30 жыл (1991)
**31 –** Қазақ ССР-ң халық артисі Дина Нүрпейісованың туғанына 160 жыл (1861-1955)

## Ақпан

**7 –** Ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 90 жыл (1931-1976)
*** 10 – Баймағамбетова Бағила Бірмағамбетовна**, тарих ғылымдарының докторы(1999), ҚР-ның еңбек сіңірген қызыметкері(1998), мем. қайраткері, Амангелді ауданынң тумасы туғанына 70 лет (1951).
Қараңыз: Қазақстан Республикасында Кімнің Кім екен [Мәтін] = Кто есть Кто в Республике Казахстан = Who is Who : 2004–2006 : справочник / А. З. Асылбеков. – Алматы, 2006. – І-ші бөлім. – Б. 53.
Торғай елі [Мәтін] : энциклопедия / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. – Алматы, 2013. – Б. 104–105.
***17 – Нұрғазин Мырзекен Нұрғазыұлы**, дәрігер, денсаулық сақтау ісінің үздігі (1970), ҰОС-ның ардагері, Қызыл Жұлдыз (1944), І дәрежелі Ұлы Отан соғысы (1985) ордендерінің иегері, Амангелді ауд. Қабырға а. дүниеге келген: туғанына 100 жыл (1921–2007).
**Қараңыз:** Қонысбай, Кенже. Он жетіде от кешкен... [Мәтін] : Майдангер Мырзекен Нұрғазин туралы сөз / Кенже Қонысбай // Қостанай таңы. – 2018. – 18 мамыр. – Б. 7.
**28 –** Халық ақыны Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл (1846–1945)

## Наурыз

***1 – Тұрғынбеков Серік**, акын, аудармашы, Жангелді ауданында дүниеге келген: туғанына 75 жыл (1946).
Қараңыз:Қазақстан жазушылары [Мәтін] : анықтамалық : 75 жыл / құраст.: Қ. Саят, Қ. Жұмашева. – Алматы, 2009. – Б. 395.
Торғай елі [Мәтін] : энциклопедия / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. – Алматы, 2013. – Б. 413–414.
***5 – Бөкейханов Әлихан** Қазақ халқының ғалымы және қоғам қайраткері, публицист, аудармашы. Туғанына 155 жыл(1866-1937).
***20 –Дәулетова Нәзира Қожахметқызы,** ҚазКСР еңбек сіңірген кітапханашысы, тарихшы-ғалым, Сарыкөл ауд. дүниеге келген: туғанына 90 жыл (1926-1999).

**Қараңыз:** Кітап әлеміндегі өмір [Мәтін] : Дәулетова Н. Қ. – кітап-ханашы, ұстаз, ғалым = Даулетова Н. К. - библиотекарь, педагог, ученый : библиогр. әдебиет көрсеткіші = библиогр. указ. лит. / [Л. Н. Толстой ат. Қостанай ОӘҒК ; Ақпараттық-библиографиялық бөлім ; құраст.: В. Қ. Бексұлтанова, З. А. Варинке ; ред. Б. Б. Сейітова. - Қостанай, 2014. – Б. 15.

## Сәуір

*** 2 – Әбжан Әбілтаев**, ақын, журналист, Амангелді ауданы, Аққісі ауылында дүниеге келген туғанына 70 жыл (1951)

Қараңыз:Торғай елі [Мәтін] : энциклопедия / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. – Алматы, 2013. – Б. 83–84.

**7 –** қазақ палуаны Қажымұқан Мұңайтпасовтың туғанына 150 жыл (1871-1948)

**25 –** жазушы, Қабдеш Жұмаділовтың туғанына 85 жыл.(1936)

***28 – Байдақ Молдашұлы** ақын, соғыс ардагері, ІІ дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған туғанына  95 жыл (1926-1994)

Қараңыз:Торғай елі [Мәтін] : энциклопедия / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. – Алматы, 2013. – Б. 296–297.

## Мамыр

**5 – Қожамқұлов Серке**, халық артисі, актер, халық театрын негізін қалаушыларының бір. ҚазССР мемлекет сыйлығының лауреаты, Соц. Еңбек Ері, № 13 Қарабалық ауданында дүниеге келген. туғанына 125 жыл
(1896-1979)

**Қараңыз**:Қазақ мәдениеті [Мәтін] : энцикл. анықтамалық / Ә. Шы-ғай. – Алматы, 2005. – Б. 393–394.

Қостанай жерінің мақтанышы [Мәтін] : Қостанай облысының танымал тұлғаларының мерейтойлық күндерінің галереясы = библиогр. галерея юбилейных дат известных личностей Костанайской области (2016 г.) / [Л. Н. Толстой ат. Қостанай ОӘҒК ; құраст.: Г. Х. Әмірхамзина,
Ә. Р. Тәжікенова ; ред. Б. М. Әлкебаева]. – Қостанай, 2016. – Б. 52–67.

**18 –** ақын, қоғам қайраткері Олжас Омарұлы Сүлейменовтың туғанына 80 жыл (1936)

## Маусым

**1 – ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының** құрылғанына 70 жыл (1946)

**17 – Шаяхмет Ақылбек Қожаұлы,** журналист-публицист, жазушы, драматург, аудармашы, Қазахстан Жазушылар одағының мүшесі,  Жетіқара ауданы Забеловка ауылында дүниеге келген: туғанына 70 жыл (1951).

Қараныз: Қазақстан жазушылары [Мәтін] : анықтамалық : 75 жыл / құраст.: Қ. Саят, Қ. Жұмашева.– Алматы, 2009. – Б. 427–428.

**22 – Ұлы Отан Соғысының басталғанына 80 жыл** (1941).Олар Жеңіспен оралды!. Они вернулись с Победой! [Мәтін]  Екінші кітабы. . – Қостанай, 2009. – Б. 395.

## Шілде

**4 – «Нұрлы жол» газетіне**, («Колхозный труд», «Светлый путь»): шыққанына 80 жыл (1941).
**Қараныз.:**Мерзімді және жалғасымды басылымдар шежіресі, 2017 [Мәтін] = Летопись периодических и продолжающихся изданий, 2017 / Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігі ; Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы ; [құраст. Б. М. Асубекова [және т. б.]. – Алматы, 2018. – Б. 123.

**29 – Костанай обласының құрылғанына: 85 жыл** (1936).
**Қараныз**: Базарбаев Қ. Қостанай облысы: [ҚР әкімшілік-аумақтық бөлігі] / Базарбаев Қ. // Қазақстан: ұлттық энциклопедия/ бас ред. Б. Ғ. Аяған.- Алматы, 2004. - Т. 6. Қ - Н. - Б. 69-73

**30 – Наурзым Мемлекеттік табиғи қорығына: 90 жыл (1931).**
Қараңыз: Постановления Совета народных комиссаров РСФСР от 30 июля 1931 года № 826.
Библиографиялық анықтаманы «2011 жылға берілген Қостанай облысының атаулы күндері және оқиғалар күнтізбегінен» қараңыз.

## Тамыз

* **1 – Мұқанов, Ертай** 1 тамыз 1926 жылы Қостанай облысы Амангелді ауданы, Байғабыл ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан Соғысының ардагері. Туғанына 95 жыл (1926–2018)
**Қараныз:** Олар Жеңіспен оралды! Они вернулись с Победой! Ескерткіш кітабы. – Қостанай, 2009. – Б. 232

* **5 – Елтебаев Төкен,** сазгер, өнерпаз, Қазақстан мәдениет қайраткері, ұстаз, Амангелді ауданы, Қарасу ауылында дүниеге келген туғанына 85 жыл (1936-1995)
Қараныз: Торғай елі [Мәтін] : энциклопедия / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. – Алматы, 2013. – Б. 165–166.

* **5 – Ысқақов Сапар Ысқақович**, инженер-құрлысшы, архитектор, Аркалык каласнының Құрметті азаматы, «Алтын Адам» арнайы сыйлығының лауреты, Амангелді ауданында дүниеге келген: туғанына 80 жыл (1941).
– Алматы, 2013. – Б. 446–447.

* **8 – Қазина Гүлжамерия Ғалиасқаровна,** Л.Н. Толстой ат.Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры, кітапхана ісінің үздігі, мәдениет қызметкері, Баравской ауд. Балықты ауылында дүниеге келген (2005–2015), туғанына 65 жыл (1956).
Қараныз.:Қостанай облысы [Мәтін] : энцикл. :Обылыстың 70 жылдығына арналған / Қостанайәлеуметтік-техн. ун-т. – Алматы: Арыс, 2006. - Б. 387.

* **14 – Байділдин Шөптібай**, ұстаз, шебер, өнертанушы, ою-өрнектері 1992 ж. Түркияда өткен жасөспірімдердің дүниежүзілік фестивалінде, 1996 ж. Америкада өткен Атланта Олимпиадасында, Алматы, Нұр-Сұлтан, Қостанай,

Арқалық қалаларында ұйымдастырылған көрмелерге қойылған, Әлемдік Шыңғысхан академиясының құрметті академигі, Арқалық қаласының құрметті азаматы, Жангелдин ауд. Айса Нұрманов а. дүниеге келген: туғанына 75 жыл (1946).

**Қараңыз:** Торғай елі [Мәтін] : энциклопедия / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. – Алматы, 2013. – Б. 98.

Жүнісұлы, Мұрат. Өмірін оюмен өрнектеген [Мәтін] : Оюшы, қолөнер шебері, өлкетанушы, «Әлемдік Шыңғысхан академиясының «Құрметті академигі», Арқалық қаласының құрметті азаматы Шөптібай Байділдин – 70 жаста / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2016. – 12 тамыз. – Б. 6–7.

**25 –** Ақын **Марфуға Айтқожинаның** туғанына 85 жыл (1936)

**28 – Жанібеков Өзбекәлі**, Мемлекет және қоғам қайраткері, тарих ғылымдарының докторы (1990), этнограф, Торғай облыстық Қазақстан компартия комитетінің секретары (1970–1975), үш дүркін кавалер орденінің, Еңбек қызыл Ту орденінің иегері, Алматы қаласына Ө. Жәнібеков атындағы көше аты берілген (2008), Нур-Султан қаласна көше атын берген(2015), Онтүстік қазақстан облысы, Отырар ауданы Сарықамыс ауылында дүниеге келген. Туғанына: 90 жыл (1931–1998).

**Қараңыз:**Қазақстан ғалымдары [Мәтін] : энцикл. анықтамалық. Т. 1. А – К / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2012. – Б. 508–509.

Торғай елі [Мәтін] : энциклопедия / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. Алматы, 2013. – Б. 190–191.

## Қыркүйек

**8 –Ахметчин Ғұмар Ғарифович**, жазушы-сатирик, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, Челябы обл., Златоусты қаласында дүниеге келген туғанына 80 жыл (1941).

**Қараңыз:**Қазақстан жазушылары [Мәтін] : анықтамалық : 75 жыл / құраст.: Қ. Саят, Қ. Жұмашева. – Алматы, 2009. – Б. 44.

*Библиографиялық анықтаманы «2006, 2011, 2016 жылдарға берілген Қостанай облысының атаулы күндері және оқиғалар күнтізбегілерінен» қараңыз.*

## Қазан

**10 – Аманжолов Қасым Рақымжанұлы,** қазақ ақыны, туғанына **110 жыл** (1911-1955).

**15 – Мұратбеков Сайын**, жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері туғанына **85 жыл** (1936).

**18 –** Алғашқы кәсіподақ конференциясының өткеніне **100 жыл** (1921).

*** 15 – Мұздаханов Айтбай**, күйші, композитор, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1993), Амангелді ауд, Қарасу а. дүниеге келген: туғанына 80 жыл (1941).

**Қараңыз:**Торғай елі [Мәтін] : энциклопедия / құраст. Т. Рсаев ; ред. А.

Ахметов. – Алматы, 2013. – Б. 298–299. – Б. 365–366

**20 – Алтынсарин Ыбырай (Ибраһим)**, ағартушы, педагог, жазушы, этнограф, фольклорист, қоғам кайраткері, Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Жанбұршы ауылында дүниеге келген (казіргі Алтынсары ауданы): 180 жыл (1841–1889).

**Қараңыз:** Қостанай жерінің мақтанышы [Мәтін] : Қостанай облысының танымал тұлғаларының мерейтойлық күндерінің галереясы = библиогр. галерея юбилейных дат известных личностей Костанайской области (2016 г.) / [Л. Н. Толстой ат. Қостанай ОӘҒК ; құраст.: Г. Х. Әмірхамзина, Ә. Р. Тәжікенова ; ред. Б. М. Әлкебаева]. – Қостанай, 2016. – Б. 5.

**28 – Костанай облысы Ленин орденің алғанына 55 жыл (1966)**.

Костанайская облысы: Тарих беттерінен (1936–2006 .) [Мәтін]: Құраст: / [бас. ред. С. А. Медведев]. – Костанай, 2006. – Б. 368, 687.

**28 – Ыбрай Алтынсарин ат. мемориалдық музейдің ашылғанына 30 жыл** (1991).

**Қараңыз**: Костанайская область [Текст] : энциклопедия : Қостанай облысының 70-жылдығына арналған / КСТУ. – Алматы, 2006. – Б. 515

## Қараша

*** 14 – Айымбет Мади Айтбенбетұлы,** жазушы, журналист, аудармашы, Казахстан Журналистер одағының мүшесі, Амангелді ауданында дүниеге келген туғанына 75 жыл (1946).

**Қараңыз:** Торғай елі [Мәтін] : энциклопедия / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. – Алматы, 2013. – Б. 24.

**14 – Қозыбаев Манаш Қабашевич**, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚазССР ғылымына еңбек сіңірген қоғам қайраткері,
Ш. Уәлиханов ат. сыйлықтың, ҚР Мемлекет сыйлығының лауреаты, Қосатнай қалаасының құрметті азаматы Мендіқара ауданында дүниеге келген: Туғанына 90 жыл (1931–2002).

Қараңыз: Қазақстан ғылымы [Мәтін] : энциклопедия. Т. 2. Қ – Я / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2010. – Б. 91–92.

*** 15 – Хакімжанова Мариям**, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының бөлім меңгерушісі(1906–1944), Қостанай облысында дүниеге келген:
туғанына 115 жыл (1906-1995)

## Желтоқсан

**12 – Сағырбаев Құрманғазы**, қазақтың халық композиторы туғанына 215 жыл (1806-1879) Бөкей орда ауданы.

**16 -** халық артисі, актриса **Фарида Шәріпованың** туғанына 85 жыл (1936)

**16 – Қазақстан Республикасының тәуелсізік алған күні: 30 жыл** (1991).

Қараңыз: Қазақтар [Мәтін] = Казахи : девятитомный попул. справ. / под ред. Е. М. Арына. – Алматы, 1998. – Т. 1. – Б. 183.

**16 – Желтоқсан оқиғасы 1986 г. 35 жыл** (1986).
Қараңыз: Қостанайя обласы: тарих беттерінен (1936–2006 гг.) [Мәтін]: Құраст. / [бас. ред. С. А. Медведев]. – Костанай, 2006. – Б. 588–589.

## Қостанай облысы бойынша күні мен айы белгісіз 2021 жылы аталып өтілетін күндері

(жеке тұлғалар мен оқиғалар үлкеннен кішіге берілген).

**Туғанына 330 жыл**

**Қошқарұлы Тұрлығұл**, азаттық күресінің қаһарманы, Шақшақ Жәнібек тарханның туған ағасы, Есім хан қолбасшыларының бірі болған (1691–1750).
Қараңыз:Торғай елі [Мәтін] : энциклопедия / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. – Алматы, 2013. – Б. 267.

**Туғанына 230 жы**

**Тайманұлы Исатай**, ұлттық батыр, 1836-1838 жылдардағы Батыс Қазақстан аймағында өрбіген ірі ұлт-азаттық көтерілістің басшысы (1791-1838)

**Туғанына 220 жыл**

**Жәңгір хан**, Бөкей орда ауданы. Бөкей ордасының соңғы ханы (1801-1845) Бөкей орда ауданы.

**210 жыл**

**Бөкей хандығының құрылғанына** (1801).

**Туғанына 210 жыл**

Уәлиханов Шыңғыс (1811–1895)
Қараңыз:Қазақстан[Мәтін] : ұлттық энцикл. / бас ред. Б. Ғ. Аяған.– Алматы, 2006. – Т. 8. С – У. – Б. 646.

**Туғанына 200 жыл**

Тайшығара Байғұлұлы, би, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліске қатысып, жүзбасы болған, Жалдама бойы Амантоғай а. дүниеге келген (1821–1913).
Қараңыз: Торғай елі [Мәтін] : энциклопедия / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. – Алматы, 2013. – Б. 377.

**Туғанына 195 жыл**

**Сатыбалды ишан Ғабдоллаұлы**, ағартушы, ислам дінінің қайраткері, имам, Торғай уезінде Қайдауыл болысында дүниеге келген (1826–1898).
Торғай елі [Мәтін] : энцикл. / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. – Алматы : Арыс, 2013. - Б. 355.

**185 жыл**

**Исатай мен Махамбет** бастаған көтерілістегі ірі әрі соңғы шешуші шайқас Ақбұлақ соғысына (1836-1838)

**Туғанына 150 жыл**

* **Кейкі (Нұрмағамбет) Көкембайұлы**,батыр,**1916жылғы**Торғай көтерілісінің **каһарманы, Торғай уезінде дүниеге келген (1871–1923).**
Қараңыз: Айбын [Мәтін] : энциклопедия / [бас ред. Б. Ө. Жақып]. – Алматы, 2011. – Б. 384.
Қазақстан [Мәтін] : ұлттық энцикл. / бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы, 2002. – Т. 4. Ж – К. – Б. 476.
Торғай елі [Мәтін] : энциклопедия / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. – Алматы, 2013. – Б. 218–219.

**Туғанына 125 жыл**

* **Сыздықов Әбу,** койшы, Соц. Еңбек Ері (1948), Торғай уезінде дүниеге келген: (1896–1989).
Қараңыз: Торғай елі [Мәтін] : энциклопедия / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. – Алматы, 2013. –Б. 376.

**85 жыл**

**Қостанай облыстық прокуратурасының құрылғанына 85 жыл, (1936).**
Қараңыз: Қазақстан Республикасының прокуратурасы [Мәтін] = Прокуратура Республики Казахстан : альбом-книга / под общей ред. гос. советника юстиции 2-го класса Р. Т. Тусупбекова. – Алматы : Өнер, 2002. –Б. 221–223.

**60 жыл**

**Қостанайда тұңғыш телеарнадан ретротранцляция жасаған жыл** (1961).
Қараңыз: Костанай облысы: [Мәтін] :  Т 2. /  ред. И. К. Тернов. – Қостанай, 2007. – Т. 2. – Б. 489.

.

**30 жыл**

**«Қазахстан-Қостанай» Облыстық телеарнасы (казіргі«Qostanaı»)** (1991). Қараың: Көксандық күмбірі [Мәтін] : ОТРК «Қазақстан – Қостанай». Ч. 1 / [ С. Б. Бұқанов2016. – 240 б Қараңыз: Лучшие люди Казахстана [Текст]= Қазақстанның үздік адамдары : энциклопедия / [Гл. ред. А. В. Бруй]. – Алматы, 2009. – I басылым. – Б. 373.

## АМАНГЕЛДІ АУДАНЫ БОЙЫНША 2021 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН КҮНДЕРІ
### (қысқаша мәліметтер мен әдебиеттер)

| 10 ақпан | Туғанына 70 жыл | Баймағамбетова Бағила Бірмағамбетовна (1951) |
|---|---|---|



**Баймағамбетова Бағила Бірмағамбетовна,** (10 ақпан, 1951 жыл, Торғай облысы, Қостанай ауданы, Амангелді кентінде туған) - мемлекет қайраткері, 2004 жылдан бері - ҚР Парламенті Мәжілісі 3-ші, 4-ші шақырылымының депутаты.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының шет тілдері факультетін (1972) француз тілінің оқытушысы мамандығы бойынша;

Алматы жоғарғы партия мектебінің журналистика бөлімшесін (1981) саясаттанушы мамандығы бойынша бітірген.

Тарих ғылымдарының кандидаты (1999). Кандидаттық диссертациясының тақырыбы: «Алма Оразбаева: оның төңкерістік мұралары».

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының құрметті профессоры.

Өмірбаяны[өңдеу]

1968 жылдан - Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының студенті.

1972 жылдан - Қостанай облысы Жетіқара қаласының №7 ОМ француз тілінен мұғалімі.

1975 жылдан - Қазақстан ЛКЖО Жетіқара қалалық комитетінің хатшысы.

1977 жылдың ақпанынан - Қазақстан ЛКЖО Қостанай облыстық комитетінің оқып жүрген студент жастар, пионерлер мен оқушылар бөлімінің нұсқаушысы

1979 жылдың ақпанынан - меңгерушісі.

1979 жылдан - Алматы Жоғары партия мектебінің тыңдаушысы.

1981 жылдан - Қостанай облысы Қарасу ауданының Халық депутаттар кеңесі төрағасының орынбасары.

1982 жылдан - Қостанай облысы Федоров ауданының Қазақстан Компартиясы аудандық комитетінің хатшысы.
1983 жылдан - Қостанай облысы облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары.
1988 жылдан - Қазақстан Компартиясы Қостанай облыстық комитетінің хатшысы
1990 жылдан - екінші хатшысы.
1991 жылдан - Қостанай облыстық Халық депутаттар кеңесі төрағасының орынбасары, кеңесшісі.
1992 жылдан - Қостанай облыстық әкімшілігі басшысының орынбасары.
1995 жылдан - Қостанай облыстық білім беру департаментінің бастығы.
1998 жылдан - Қостанай облыстық әкімі аппаратының жетекшісі.
2002 жылдан - Қостанай облысы әкімінің орынбасары.
2004 жылдан бері - Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінің 3-ші, 4-ші шақырылымының депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі.

## Мерзімді басылымдардағы жариялымдар


1. Көркейген көше, жаңарған жол [Мәтін] : [«Қостанай және қостанайлықтар»] бетін Қасқырбай Қойшыманов жүргізеді Б. Ахметбеков // Қостанай таңы. – 2020. – 21 тамыз. – Б. 2.
2. Қиысқанұлы, Қыдырбек. Ел ықыласына бөленген [Мәтін] : Мемлекет және қоғам қайраткері Бағила Баймағамбетова туралы сөз / Қыдырбек Қиысқанұлы // Қостанай таңы. – 2016. – 10 ақпан. – Б. 3
3. Оспанова, Қарлығаш. "Zhas Project"- мүмкіндік алаңы [Мәтін] : [форум] / Қарлығаш Оспанова // Қостанай таңы. – 2019. – 30 қантар. – Б. 1–2.
4. Сабирова, Алма. Алдамжар мектебі [Мәтін] : Академик Зұлқарнай Алдамжардың 80 жылдығы қарсаңында / Алма Сабирова // Қостанай таңы. – 2017. – 10 қараша. – Б. 9


**17 ақпан**

**Туғанына 100 жыл**

## Нұрғазин Мырзекен Нұрғазыұлы (1921–2007)



**Нұрғазин Мырзекен Нұрғазыұлы**, дәрігер, денсаулық сақтау ісінің үздігі (1970), ҰОС-ның ардагері, Қызыл Жұлдыз (1944), І дәрежелі Ұлы Отан соғысы (1985) ордендерінің иегері, Амангелді ауд. Қабырға а. дүниеге келген: туғанына 100 жыл (1921–2007).

1921 жылы, 17 ақпанда қазіргі Аманкелді ауданына қарасты Қабырға ауылында туған. Әкесі Нұрғазыдан екі жасында жетім қалып, кейіннен он бір жасқа толғанда шешесі Шадидан да айырылады. Сөйтіп, бала Мырзекен Қостанайдың Семиозердегі (қазіргі Әулиекөл ауданы) балалар үйінде тәрбиеленіп, ер жетеді. 1937 жылы 7 жылдық мектепті, одан соң фельдшерлік мектептің екі жылдық дайындық бөліміне түсіп, үш жыл курста оқып, оны соғыс басталар уақытта үздік бағамен тәмамдайды. Шақыру қағазы қолына тиісімен жететін болып, елге аттанған. Ең алғаш еңбек жолын 1941 жылдың шілде айында аудандық денсаулық сақтау мекемесінде бастап та кетеді. Көп ұзамай, тамыздың 1-і күні әскерге шақырту қағазын алған ол 19 тамызда Ташкенттегі медицина қызметкерлерін қайта даярлайтын екі айлық курсқа кетеді. Тағдырдың жазуы солай шығар, Мырзекен атамыз бір жерде көп аялдамай, байтақ еліміздің әр бұрышында дәм-тұз бұйырып жүрді. Кейін Ақтөбедегі 101-атқыштар қатарында жүрген Мырзекенді Сольплецкіге жібереді. Ал 1942 жылдан 1944 жылға дейін Жоғарғы Бас қолбасшының резервіндегі Киев, Житомир гаубициалы артиллерия полкінде қызмет етті. Даңқты Днепрді кешіп өту жорықтарына қатысып, батылдығымен көзге түскен өрен «Ерлігі үшін» медалімен нагардталады. Әскери фельдшер сол жылы КПСС мүшелігіне қабылданды. Бұдан кейінгі майдан жолы Курск, Прохоровка, 1-Украина майданындағы 15-атқыштар корпусының штаттық батареясында, 918 жеке саперлар батальонында фельдшер қызметпен жалғасқан. Ерлігімен жиі көзге түсіп жүрген Мырзекен нұрғазин 1944 жылдың 31-і күні «Қызыл Жұлдыз» орденін омырауына тағады.

Ал Жеңіс күнін Чехословакияның астанасы Прага қаласында қарсы алады. Жиырма жасында майданға аттанған Мырзекен Нұрғазыұлы Ленинград, Украина, Белорусия, Польша, Германия, Чехословакия жеріне дейінгі жорық жолынан өтті. Бейбіт күндер басталса да ол 1946 жылдың соңына дейін теміржол байланысын қалпына келтіретін 17-жеке батальонның әскери фельдшері болып, Орал қалаларынан Батыс Украинаға дейін барды. 1947 жылы ғана елге оралған ол халықтың денсаулығын арттырып, ауданда дәрігерлік қызметін жалғастырды. Аудандық денсаулық бөлімін басқарды. 1950 жылдардың басында оның басшылығымен аудандық аурухананың ғимараты салынған.

Алғаш рет аудандық санитарлық эпидемиология станциясының ірге тасын қалап, одан кейінгі жылдары да ренгенолог, санэпидемия станциясының дәрігер көмекшісі қызметтерін атқарған. Осы еңбектерінің жемісі үшін 1970 жылы 9 маусымда «Денсаулық сақтау қызметінің үздігі» белгісі берілді. 1976 жылы құрметті демалысқа шықты. Бірақ ол еңбектен қол үзбей сол денсаулық саласында көп жылдар бойы қызметін жалғастырды. М.Нұрғазин бірінші дәрежелі Отан соғысы ордені, Кеңес Одағының бірнеше орден-медальдары мен мақтау қағаздарын алған. Батыр бабамыз бейбіт күнді, Тәулесіз Қазақстанның аспанын көрді. 11 ұл-қызын, 26 немере мен 9 шөбере сүйді. Тек Алланың қалауымен Мырзекен ата 2007 жылы ортамыздан озды. Дегенмен, батырдың есімі мәңгі есте қалады. Ол кісінің бар болмысын, өр тұлғасын, білім-парасатын бір мақалаға әсте сыйдыра алмаспыз, бірақ өскелең ұрпақ ердің есімін біліп жүрсе игі…

## Мерзімді басылымдардағы жариялымдар

1. Қонысбай, Кенже. Он жетіде от кешкен.. [Мәтін] : Майдангер Мырзекен Нұрғазин туралы сөз / Кенже Қонысбай // Қостанай таңы. – 2018. – 18 мамыр. – Б. 7
2. Смайлова, Гүлбаршын. Жеңіс туын желбіреткен майдангерлер [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагерлері туралы] / Гүлбаршын Смайлова // Amankeldi araiy. – 2020. – 4 мамыр. – Б. 4.

**20наурыз**

**Туғанына 90 жыл**

## Дәулетова Нәзира Қожахметқызы (1926-1999)



«Кітапхана - әр заманда, әр қоғамда қай халықтың да қасиетті құттыханасы, рухани қазынасы саналған», – деген Нәзира Дәулетованың есімі жалғыз Қостанай жұртшылығына ғана емес, бүкіл елімізге таныс. Оның есімі Қазақстанда кітапхана тану теориясы, тарихы, тәжірибесі дамуымен тығыз байланысты.

Нәзира Қожахметқызы Сарыкөл ауданы Найзакескен ауылында дүниеге келді. Белгілі тарихшы-ғалым, мәдениеттанушы, қазақ елінде кітапхана ісін жолға қоюшылардың бірі, тарих ғылымдарының кандидаты. Қазақстандағы кітапхана ісінің тарихы, республиканың әмбебап кітапханалары туралы көптеген еңбектердің авторы.

Нәзира Қожахметқызы Мәдениет саласында жарты ғасырдай жемісті қызмет етіп, соның қырық жылын еліміздегі бас кітапхананың бірі – Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына арнаған жан.

Алматы мемлекеттік педагогика институтын бітіріп шыққан соң А. С. Пушкин ат. мем. кітапханада әдіскер болып еңбек жолын бастады. Москвадағы мем. кітапхана ин-тында білім алуды жалғастырып, оны бітіргеннен кейін Қазақстанның мем. кітапханасында қызмет көрсету залының меңгерушілігінен кітапхананың директорлығына дейін өсті. Осы кезең ішінде ол оқу залының және оқырмандарға қызмет көрсету залдарының меңгерушісі сынды жұмыстарды абыроймен атқарды. Ізденіс жолына түскен зиялы қауымға мәдениеттілікпен қызмет көрсетті.

Уақыт өткен сайын оның тәжірибесі де молайды. Қызметте де үлкен абыройға бөленді. Отыз бір жасында КСРО мәдениет министрлігінің «Үздік еңбегі үшін» белгісімен марапатталды. Мұндай атақ ол уақытта да кез келген әріптестеріне беріле бермейтін еді. Сол жылы еңбегі жанып, «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген кітапханашысы» атағына ие болды.

Алматы қаласы Фрунзе ауданы халық депутаттары кеңесінің депутаты болып сайланды. Н.Қ.Даулетова өзінің еңбекқорлығы, терең білімінің арқасында

осы кітапхананың директоры дәрежесіне дейін көтерілді (1963 ж.). Адал еңбек әрқашан да өзінің жемісін беретіндігі белгілі. Ол 1977 ж. өзінің «Қазақстан әмбебап ғылыми кітапханаларында социализм дәуіріндегі даму тарихы» деген тақырыпта канд. диссертациясын ойдағыдай қорғады. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Республикамыздағы кітапхана ісінің дамуына сіңірген еңбегі үшін Н. К. Крупская ат. медальмен де марапатталды. Оған үлкен сенім жүктеліп, Қазақстан Коммунистік партиясы XV съезінің делегаты да болды.

Нәзира Қожахметқызы елімізге ғана танылып қойған жоқ, республикамыздың халықаралық деңгейде байланысының нығаюына да бір кісідей үлесін қосты. Ол өз қызметіне барынша адал болды. Сондықтан болар, кітапханашының қандай болу керектігі жөнінде: «Нағыз кітапханашы оқырманның досы, тәлімгері, көмекшісі әрі сұхбаттасы бола білуі керек. Бірақ мұндай кітапханашылар өте аз. Өйткені, таланттар сирек кездеседі. Осындай биікке көтерілу үшін көп білу, көп оқу қажет. Өйткені, ол өте жауапты мамандық», - деді.

Жерлестері де атақты кітапханашының еңбегін жоғары бағалады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 17 маусымдағы № 663 қаулысы бойынша Сарыкөл ауд. кітапханасына оның есімі берілді. Аталған кітапхана ғимаратына оған арналған мемориалдық тақта орнатылды. Адам баласының өмірі оның қанша жасағанымен емес, еліне сіңірген еңбегімен өлшенеді. Бұл орайда жаны сұлу, айналасындағыларға қамқоршы, жастарға тәлімгер бола білген Нәзира Қожахметқызы Дәулетованың жұртшылыққа тигізген шарапаты мол. Оның шапағатына бөленгендер өзі көп жылдар бойы басқарған кітапханадағы қызметкерлерінің арасында да жеткілікті.

## Ол туралы әдебиеттер:


1. Жоғары парасат пен көркем мінез [Мәтін] // Жақсан, Оразалы. Ғибрат-ғұмыр / Оразалы Жақсан. – Алматы : Тоғанай Т, 2012. – Б. 111-118.
2. Кітап әлеміндегі өмір [Мәтін] = Жизнь в мире книг : Дәулетова Н. Қ. - кітапханашы, ұстаз, ғалым (1926-1999) = Даулетова Н. К. - библиотекарь, педагог, ученый (1926-1999) : библиогр. әдебиет көрсеткіші = библиогр. указ. лит. / [Л. Н. Толстой ат. Қостанай ОӘҒК ; Ақпараттық – библиографиялық бөлім ; құраст.: В. Қ. Бексұлтанова, З. А. Варинке ; ред. Б. Б. Сейітова. – Қостанай, 2014. – 46 б.
3. Кітапхана ісіне қызмет ету [Мәтін] / [Н. Қ. Дәулетова ат. Сарыкөл орталық ауд. кітапханасы ; сост. Л. Н. Ведлер ; ред. С. М. Дутпаев]. – 2-е изд., доп. – Костанай : Костанайский печатный двор, 2014. – 124 б.
4. Қазақ КСР еңбек сіңірген кітапханашысы, тарих ғылымдарының кандидаты Н. Қ. Дәулетованы еске алуға арналған "Кітап әлеміндегі өмір" атты республикалық теориялық конференциясының материалдар жинағы [Мәтін] / [Л. Н. Толстой ат. Қостанай ОӘҒК ; ред.: А. Қ. Шаяхмет, Г. Г. Казина, С. С. Безаубекова. – Қостанай, 2014. – 46 б. – қазақ және орыс тілдерінде = на каз. и рус. яз.

5. Тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақ КСР еңбек сіңірген кітапханашысы Н. Қ. Дәулетованы еске алуға арналған "Кәсіби шеберліктің үлгісі" атты Дәулетова оқуларының материалдар жинағы [Мәтін] / Л. Н. Толстой ат. Қостанай ОӘҒК ; Н. Қ. Дәулетова ат. Сарыкөл ОАК ; құраст. Ү. М. Рысжанова ; ред. Г. Ғ. Қазина. – Қостанай, 2015. – 27 б.

## Мерзімді басылымдардағы жарияланымдар:

6. Айқадамова, Айтолқын. "Кітап әлеміндегі өмір"[Мәтін] : [ғылыми–теориялық конф.] / Айтолқын Айқадамова // Қостанай таңы. – 2014. – 4 маусым. – Б. 2.
7. Варинке, З. "Кітап әлеміндегі өмір" көрсеткіші жарыққа шықты [Мәтін] : [ҚР ұлттық кітапханасының 80 жылдығы мен белгілі кітапханашы Н. Дәулетованың 85 жылдығына орай] / З. Варинке // Қостанай таңы. – 2011.– 30 қараша. – Б. 6.
8. Музейге Ыбырайдың портретін тапсырды [Мәтін] : [Н.Дәулетованың немересі] / газ. ред. // Наш Костанай. – ("Біздің Қостанай" қосымшасы). – 2015. – 19 мамыр. – Б. 6.

**1 сәуір**

**Туғанына 70 жыл**

**Әбілтай Әбжан Ғаббасұлы (1951)**




**Әбілтай Әбжан Ғаббасұлы** – 1951 жылы Қостанай облысы Амангелді ауданында дүни еге келді. 1968 жылы Б.Майлин атындағы орта мектепті бітірісімен еңбек жолын Амангелді ауданында «Тың шұғыласы» газетінде әдеби қызметкер болып істеген. Журналист, ақын, аудармашы. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. 1971-99ж. Аралығында Торғай облысы «Торғай таны», Арқалық қаласында «Торғай» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі, Арқалық қаласының Әкімдігінде тіл бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды.

2000-2004 жылдары ҚР Білім және ғылым министрлігінде аудармашы-редактор, бөлім меңгерушісі болып істеген. 2004 жылдан ҚР Энергетика және материалдық ресурстар министрлігінде мемлекеттік тілді дамыту басқармасының бастығы қызметін атқарған.

Мектеп қабырғасында жүріп өлең жазумен әуестенген Ә.Әбілтайдың алғашқы туындылары аудандық, республикалық газеттерде жарияланды.

Ақын шығармашылығының жемісті бір саласы – көркем аударма.

Біз ақын – журналист Әбжан Әбілтайдың «Жер басып жүрген соң...» атты кітабын ұсынып отырмыз.
Ақындығына қазақтың ақиық ақындары тамсанған Әбжан Әбілтайдың бұл дүниесі сәтті шыққан. Беттерін парақтап, әдебиет, мәдниет, өнер майданында тер төкен жерлестеріміздің ерен еңбегіне қанығасын. Күнделікті тіршіліктен көкейіне түйген ойлары қонымды, замандастарына арнаған достық әзілдері ұтымды.
Тобықтай түйін – Әбжан Әбілтай жаңа туындысында өзіндік қолтанбасын танытқан, сөйлемдері ықшам, пікірлері орнықты.
Елге деген сағыныш иісі аңқыған кітаптың оқырман көңілін дөп басары анық.
Қазір Қазақстан Республикасы Мұнай газ министірлігінің Мемлекеттік тілді дамыту басқармасының бастығы болып қызмет істейді.

## Әбжан Әбілтай туралы


1. Сомжүрек, Жұма-Назар. Арқаның арқалы ақыны [Мәтін] : [белгілі ақын Әбжан Әбілтаев туралы үзік бір сыр] / Жұма – Назар Сомжүрек // Қазақ әдебиеті.- 2011. – 27 мамыр. – Б. 11.
2. Жүнісісұлы, Жақсылық. «Батасын берген Ғафу ақын» [Мәтін] : [ақын Әбжан Әбілтайдың шығармашылық кеші] / Жақсылық Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2005. –12 қантар. – Б. 8.
3. Ой үздіктері [Мәтін] : [ақын Әбжан Әбілтайдың шығармашылығы туралы] / Әбжан Әбілтай // Қостанай таңы. – 2013. – 20 қараша. – Б. 11.
4. Әкімжанов М. Толағай сыр, толымды жыр [Мәтін] : [Арқалы ақын 60 жаста] /М.Әкімжанов. // Қостанай Таны. – 2015. –10 сәуір. – Б. 5.
5. Торғай елі:. Энциклопедия /құраст:. Танатқан Рсаев. – Алматы: «Арыс», 2013. –Б. 84.
6. Ой үздіктері [Мәтін] : [ақын Әбжан Әбілтайдың шығармашылығы туралы] / Әбжан Әбілтай // Қостанай таңы. – 2013. – 20 қараша. – Б. 11.
7. Әбеу, Күнжан."Халық бізге сенім артады" [Мәтін] : [дейді аманкелділік жас депутат] / Күнжан Әбеу// Қостанай таңы – (жастар. KZ). – 2013. – 27 қыркүйек. – Б. 9.
8. Егемендіктің елдікпенен түбі бір [Мәтін] : [қаламгер Әбжан Әбілтайдың өлеңдер топтамасы] / Әбжан Әбжан.// Қазақ. – 2012. – 23–30 наурыз. – Б. 10.
9. Сәуір, сенен туғанмын, жаратылғам![Мәтін] : [өлеңдер топтамасы] / Әбжан Әбжан //Қазақ. – 2013. –12–19 сәуір. – Б. 6
10. Әуен де өзі, ән де өзі [Мәтін] : [сазгер Қалибек Деріпсалдин туралы] / Әбілтай Әбілтай // Торғай таңы. – 1992. – 3 қаңтар. – Б. 4.
11. Басқадан қоюшы едім сені биік [Мәтін] : [ақын Әбжан Әбілтайдың 60 жасқа толуына орай] / Әбжан Әбілтай // Аманкелді арайы. – 2011. –15 сәуір. – Б. 5.
12. Жүгінсем, ақиқатқа жүгінермін [Мәтін] : [өлең] / Ә. Әбілтай // Ана тілі. – 2012. – 8–14қараша. – Б. 10.

13. Көкжалдар жорытқан далада [Мәтін] : [өлеңдер] / Әбжан Әбілтай // Ана тілі. – 2015. –2–8 сәуір. – Б. 10.

**28 сәуір**

## Туғанына 95 жыл

## Байдақ Молдашұлы (1926–1994)



Байдақ Молдашұлы 1926 жылы Торғай облысы Аманкелді ауданы, Сартал ауылдық кеңесіне қарасты № 1 ауыл Шақпақ деген жерде дүниеге келген. Аманкелді ауданы орталығындағы орта мектепте оқып орта білім алған. 1944 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылып, 618-ші дивизияның 44-ші атқыштар полкінде Румыния жерін азат етуге қатысып, соғысты Одер өзеніне жақындағанда аяқтап. Армия қатарында 1947 жылға дейін болған.

Кейінде Шаштыбай Әлменов, Бәшір Шметов сияқты заманында ел тұлғасы, жер қадасы болған абзал ағалар қамқорлығына алып, Бәкеңнің елдің елеулі бір азаматы, айтулы маманы болып шығыуына көп көмек жасады.

Құлшыныс, талпыныс, білікті білгір мамандардан жатпай – тұрмай үйрену, тоқыған білімді іске асыруға мүмкіндік жасады. Оның заманы тұсында асықпай білімді оқып – үйрену емес, қолма - қол іс атқарып содан ғибраты барынша мол зерделеу, яғни көп ойлау емес, жұмыста милап, іс тындыруды өмірдің өзі талап етеді.

Туып өскен Аманкелді ауданында партия, совет органдарында ұзақ жылдар жауапты қызыметкер атқарған Молдашұлы Байдақ – Аудандық оқу бөлімінде 40 жылдан астам бас бухгалтер болған ол, шын мәніде бухгалтерлерді тәрбиелеп, аудан көлеміне жұмысқа кіргізудің ұстазы, қас шебері болған.

Молдашұлы Байдақтың еңбек кітапшасындағы еңбек жолы,соғыстан оралғаннан кейін, 1950 жылы мамырда аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінде есепші болып орналасу дан басталды.

1953 жылғы қарашадан аудандық комсомол комитетінің пионер бөлімінде жұмыс істейді. 1954 жылы қарашада аудандық Кенес атқару комитетінің жалпы бөлім меңгерушісі болып бекітіледі. Бір жылдан кейін аудандық Кенес атқару комитетінің есепшісі жұмысына ауысады. 1962 жылғы қыркүйекте атқару комитетінің жалпы бөлім меңгерушісі, одан кейін 1953 жылғы Амангелді өндірістік парткомның хатшысының көмекшісі. 1965 жылдың қазанында Амангелді жұмысшылыр кооперациясының жарнашылар жиыналысында басқарма төрағасы болып сайланды.

1965 жылы қарашада аудандық аурухананың экономисі, 1967 жылы маусымда аудандық оқу бөлімінің бас есепшісі, 1974 жылы ақпанда Амангелді коммуналдық шаруашылық есептегі мекеменің аға есепшісі, 1977 жылдың қантарында оқу бөлімінің бас есепшісі, 1986 жылы зейнеткерлікке шығады. 1986 жылы мәдениет бөлімінің бас есепшісі.

Байдақ Молдашұлы коммунистік партия тарағанша оның мүшесі болып жүріп, қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Атқару комитетінде, оқу бөлімінде, коммуналдық шаруашылықтағы есеп мекемесінде, бастауыш партия хатшысы болды.

Республикалық кәсіподақтар комитетінң бір сайлау пленум мүшесі болады өмірінің соңғы сағатына дейін облыстық ардагерлер кеңесінің пленум мүшесі, аудандық кеңестін алқа мүшесі болып келді.

Б.Молдашұлы есеп қызыметін жақсы меңгерді. Ол бірнеше есеп қызымыткерлерің тәрбиелеп, оларға ақыл кеңесін беріп отырды.

Байдақ Молдашұлы соғыстағы ерліктері үшін II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен және басқада 6 медальдармен марапатталған.

Байдақ Молдашұлы ақын, соғыс ардагері, II дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған туғанына 95 жыл (1926-1994)

## Ақын шығармалары


1. Торғай елі. : энциклопедия / құраст. : Т. Рсаев. – Алматы : Арыс, 2013. – Б. 297.
2. Молдашев, Байдақ : [өмірбаян] // Олар жеңіспен оралды=Они вернулись с победой: ескерткіш кітабы. – Қостанай, 2009. – Б. 231.
3. Батырдың ұрпақтары [Мәтін]: поэмалар мен толғау / Б. Молдашев – Алматы: Жазушы, 1987. – Б. 80.
4. Алшаң басқан аға еді [Мәтін] : [ақын С. Мәуленов қайтыс болғанына – бір жыл] / Б. Молдашев // Торғай таңы. – 1994. – 12 ақпан. – Б.4.
5. Өмір сыры [Мәтін] : [өлең] / Б. Молдашев // Торғай таңы. – 1996. – 27 сәуір. – Б. 2.
6. Аман жүр Алатаудай ағаларым [Мәтін] : [өлең] / Б. Молдашев // Торғай таңы. – 1993. – 8 мамыр. – Б.1.
7. Халқым үшін садаға шыбын жаным [Мәтін] : [Байқадам Қаралдин туралы] / Б. Молдашев // Торғай таңы. – 1993. – 9 ақпан. – Б. 4.
8. Бақұл бол, аға [Мәтін] : [өлең] / Б. Молдашев // Ақ жол. –1993. – 24 ақпан. – Б. 4.
9. Таң шапағы [Мәтін] : [сазгер, жерлесіміз Бақытжан Байқадамұлының өмірі туралы] / Б. Молдашев // Ақ жол. – 1992. – 9 мамыр. – Б. 3.
10. Қайқы тұлпар [Мәтін] : [поэма] / Б. Молдашев // Торғай таңы. – 1992. – 4 шілде. – Б. 3.
11. Ел есінде Шайхы [Мәтін] : [өлең] / Б. Молдашев // Ақ жол. –1991. – 6 сәуір. – Б. 4.
12. Қос батыр [Мәтін] : [дастан] / Б. Молдашев // Ақ жол. –1991. – 6 қараша. – Б. 4.
13. Достық [Мәтін]: өлеңдер мен поэмалар / Б. Молдашев // Жалын. – 1990. – № 2. – Б. 90.

## Ол туралы

14. Әбілтай, Әбжан. Ақын еді қын түбінде жатпаған. [Мәтін] : [ақын Байдақ Молдашұлының туғанына 70 жыл] / Әбжан Әбілтай // Торғай таңы. – 1996. – 27 сәуір. – Б. 2.
15. Әбіл, Қонысбай. Сағыныш [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері, ақын Байдақ Молдашұлы туралы] / Қонысбай Әбіл // Торғай таңы. – 1995. – 1 маусым. – Б.4.
16. Әбіл, Қонысбай. Байдақ Молдашұлының дүниеден өткеніне бір жыл [Мәтін] : [Байдақ Молдашұлын еске алу] / Қонысбай Әбіл // Торғай таңы. –1995. – 20 мамыр. – Б. 5.
17. Әміржанова, Қантай. Орны бөлек аға еді [Мәтін] : [ақын Байдақ Молдашұлына 75 жыл] / Әлімжанова Қантай // Коммунизм таңы.
18. Байдаққызы, Гүлмира. Ата өнегесі [Мәтін] : [ақын Байдақ Молдашұлының туғанына 70 жыл] / Гүлмира Байдаққызы // Торғай таңы. – 1996. – 27 сәуір. – Б.2.
19. Кенебаев, Көшкінбай. Жаны жайсаң аға еді [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері, ақын Байдақ Молдашұлы туралы] / Көшкінбай Кенебаев // Торғай таңы. – 1995. – 1 маусым. – Б. 4.
20. Өлең жолдарында – белгілі журналист [Мәтін] : [өлеңдер] // Торғай. – 2013. – 11 қаңтар. – Б. 4.
21. Сейдахметов, Төлеген. Артына із қалдырған Байдақ ақын. [Мәтін] : [ақын Байдақ Молдашев туралы] / Төлеген Сейдахметов // Қостанай таңы. – 2005. – 20 сәуір. – Б. 6.
22. Қайқы тұлпар [Мәтін] : [дастан] / газ. ред.// Қостанай таңы. – 2016. – 20 мамыр. – Б. 8

**1 тамыз**

**Туғанына 95 жыл**

## Мұқанов Ертай (1926–2018)



1 тамыз 1926 жылы Қостанай облысы Амангелді ауданы, Байғабыл ауылында дүниеге келген. Қызыл армия қатарына 1943 жылы желтоқсан айында алынған. Ай жарым әскери дайындықта болып, II Украйна майданында 1313-ші атқыштар, кейін 463-ші полкта байланысшылар батальонында қызмет еткен. Майдандардың жорық жолдарымен Германия жеріне де жетті. Берілинді алған 9 мамыр күні әлі есінде. Содан 1948 жылдың қыркүйегіне дейін шекарада сақшы болды. II дәрежелі Отан соғысы орденімен және 7 медальмен марапатталған. Елге келген соң, мал бақты. 2018 жылы қайиыс болған.

## Мерзімді басылымдардағы жариялымдар


1. Ауданымызда жеңіс күнің мерекелеу [Мәтін] : [мерекелік іс-шара]//Аманкелді арайы. – 2009. – 15 мамыр. – Б. 1.
2. Ауданымызда жеңіс күнің мерекелеу [Мәтін] : [Ұлы Жеңістің 71 жылдығына орай]//Аманкелді арайы. – 2016. – 13 мамыр. – Б. 1.
3. Ауданымызда Ұлы Жеңіс күні кеңінен тойланды [Мәтін] : [мерекеге арналған шара] / [газ. ред.]//Аманкелді арайы. – 2017. – 12 мамыр. – Б. 1
4. Жанділдин С., Қарттар алғы сапта [Мәтін] : [Ардагерлер ұйымының құрылғанына 30 жыл] / С. Жанділдин//Аманкелді арайы. – 2017. – 24 ақпан. – Б. 7
5. Қуандықұлы, Қ. Батпаққарадан Берлинге барған батыр [Мәтін] : [соғыс ардагері Ертай Мұқанов] / Қ. Қуандықұлы //Аманкелді арайы. – 2018. – 4 мамыр. – Б. 1, 2
6. Қуандықұлы Хамитбек, Соғыстың соңғы солдаты өмірден өтті [Мәтін] : [соғыс ардагері Ертай Мұқанов дүниеден озды] / Хамитбек Қуандықұлы//Аманкелді арайы. – 2018. – 20 шілде. – Б. 1, 2
7. Мұсабаев, Хамитбек. Соғыстың соңғы солдатының сыры [Мәтін] : немесе соғыс және еңбек ардагері Ертай Мұқановтың ақ тілегі / Хамитбек Мұсабаев //Қостанай таңы. – 2016. – 6 мамыр. – Б. 5
8. Мұсабаев, Хамитбек. Ардагер ақсақалдың айтқаны [Мәтін] : соғыс және еңбек ардагері Ертай Мұқанов туралы сөз / Хамитбек Мұсабаев //Аманкелді арайы. – 2016. – 6 мамыр. – Б. 1,2
9. Мұсабаев, Хамитбек. Елбасының құттықтауы мен арнайы сыйлықтарын тапсырды [Мәтін] : [Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай ] / Х. Мұсабаев//Қостанай таңы. – 2015. – 6 қаңтар. –Б. 2
10. Мұсабаев, Хамитбек. Майдангер тілегі [Мәтін] : [Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай ] / Хамитбек Мұсабаев //Аманкелді арайы. – 2014. – 14 қараша. – Б. 5
11. Мұсабаев, Хамитбек. Соғыстың соңғы солдатының сыры [Мәтін] : немесе соғыс және еңбек ардагері Ертай Мұқановтың ақ тілегі / Хамитбек Мұсабаев // Қостанай таңы. – 2016. – 6 мамыр. – Б. 5
12. Өс, өркенде, өңірім! [Мәтін] : [соғыс ардагер Ертай Мұқанов атаның ақ тілегі] / Ертай Мұқанов//Аманкелді арайы. – 2017. – 1 – 6 қаңтар. – Б. 2
13. Уахитов, Балтабай. Қаһарлы күндер шежіресі [Мәтін] : [қан майданда ерлік көрсеткен майдангер аталарымыз туралы] / Балтабай Уахитов//Аманкелді арайы. – 2014. – 7 қараша. – Б. 6
14. Уахитұлы, Балтабай. От-жалында жігерін жанығандар [Мәтін] : [9 мамыр - Жеңіс күніне орай] / Балтабай Уахитұлы//Аманкелді арайы. – 2018. – 4 мамыр. – Б. 3
15. Ауданымызда жеңіс күнің мерекелеу [Мәтін] : [мерекелік іс–шара] //Аманкелді арайы. – 2009. – 15 мамыр. – Б. 1.

16. Уахитұлы Балтабай, От-жалында жігерін жанығандар [Мәтін] : [9 мамыр – Жеңіс күніне орай] / Б. Уахитұлы//Аманкелді арайы. – 2018. – 4 мамыр. – Б. 3
17. Мұсабаев Хамитбек, Майдангер тілегі : [Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай ] / Хамитбек Мұсабаев//Аманкелді арайы. – 2014. – 14 қараша. – Б. 5
18. Уахитов Балтабай, Қаһарлы күндер шежіресі [Мәтін] : [қан майданда ерлік көрсеткен майдангер аталарымыз туралы] / Балтабай Уахитов//Аманкелді арайы. – 2014. – 7 қараша. – Б. 6
19. Мұсабаев, Хамитбек.Соғыстың соңғы солдатының сыры [Мәтін] : немесе соғыс және еңбек ардагері Ертай Мұқановтың ақ тілегі / Хамитбек Мұсабаев // Қостанай таңы. – 2016. – 6 мамыр. – Б. 5.
20. Ауданымызда жеңіс күнің мерекелеу [Мәтін] : [Ұлы Жеңістің 71 жылдығына орай]//Аманкелді арайы. – 2016. – 13 мамыр. – Б. 1.
21. Ауданымызда Ұлы Жеңіс күні кеңінен тойланды [Мәтін] : [мерекеге арналған шара] / [газ. ред.]//Аманкелді арайы. – 2017. – 12 мамыр. – Б. 1
22. Жанділдин, С. Карттар алғы сапта : [Ардагерлер ұйымының құрылғанына 30 жыл] / С. Жанділдин//Аманкелді арайы. – 2017. – 24 ақпан. – Б. 7
23. Қуандықұлы, Қ. Батпаққарадан Берлинге барған батыр[Мәтін] : [соғыс ардагері Ертай Мұқанов] / Қ. Қуандықұлы//Аманкелді арайы. – 2018. – 4 мамыр. – Б. 1, 2
24. Қуандықұлы, Хамитбек. Соғыстың соңғы солдаты өмірден өтті [Мәтін] : [соғыс ардагері Ертай Мұқанов дүниеден озды] / Хамитбек Қуандықұлы //Аманкелді арайы. – 2018. – 20 шілде. – Б. 1, 2
25. Мұсабаев, Хамитбек. Соғыстың соңғы солдатының сыры [Мәтін] : немесе соғыс және еңбек ардагері Ертай Мұқановтың ақ тілегі / Хамитбек Мұсабаев // Қостанай таңы. – 2016. – 6 мамыр. – Б. 5
26. Мұсабаев, Хамитбек. Ардагер ақсақалдың айтқаны : соғыс және еңбек ардагері Ертай Мұқанов туралы сөз / Хамитбек Мұсабаев //Аманкелді арайы. – 2016. – 6 мамыр. – Б. 1,2
27. Мұсабаев Хамитбек, Елбасының құттықтауы мен арнайы сыйлықтарын тапсырды [Мәтін] : [Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай ] / Х. Мұсабаев//Қостанай таңы. - 2015. – 6 қаңтар. – Б. 2
28. Қуандықұлы, Хамитбек. Соғыстың соңғы солдаты өмірден өтті [Мәтін] : [соғыс ардагері Ертай Мұқанов дүниеден озды] / Хамитбек Қуандықұлы // Аманкелді арайы. – 2018. – 20 шілде. – Б. 1, 2.


**5 тамыз**

**Туғанына 80 жыл**

## Ысқақов Сапар Ысқақұлы (1941)

Сапар Ысқақұлы Ысқақов бұрынғы Торғай облысы Амангелді ауылында 1941 жылдың 5 тамызында дүниеге келген. Қарағанды политехникалық институтын бітірген. Инженер-құрылысшы, ҚазКСР еңбегін сіңірген



құрылысшы, меценат. Қарағанды политехникалық институтын бітірген (1965). 1961-68 жылдары «Торғай алюминстрой» тресінің шебері, пробрары, монтаж учакесінің бастығы, 1970–71 ж. Арқалық қаласының бас архитекторы, 1971–77 ж. «Торғайселоқұрылысы-15» тресі күрделі құрылыс басқармасының басшысы, бас инженер, 1977–78 ж. әр трлі құрылысы ұйымдарының басшысы, «Ауырқұрылысминстрлігі»құрылыс басқармасының бастығы, «Торғай алюминострой» тресі басқармасының орынбасары, 1987–1990ж. «Қазмилжирпроект» жобалау институтының директоры, 1991–1997ж. «Омар »компаниясының директоры. ҚР Президентінің құрмет дипломымен РФ және Ұлыбритания ордендірімен мараппаталған.

